

С.Искакулы

## Пейзаж в лирике Танжарык акына

В статье главная цель автора — научный анализ и показ пейзажа в лирике Танжарык акына. В произведениях акына тесно переплетены проблемы человека и природы. Сравнивая пейзажную лирику акына со сказаниями Ильяса Жансугурова, автор статьи мастерски описывает природу, их созвучие и особенности. Танжарык Жолдыулы, считающийся классиком казахской литературы в Китае, своими произведениями внёс большой литературно-теоретический вклад в становление казахской лирики.

S.Iskakuly

## Natural lyric poetry of Tanzharyk akyn

In this article the primary objective of author is a scientific analysis of landscape in the lyric poetry of Tanzharyk of akyna. In works of akyna densely casebound problem of man and nature. An author, comparing the landscape lyric poetry of akyna to the stories of Il'yasa Zhansugurova, masterly describes nature, their consonances and features. Besides an author argues trade of image of beautiful appearance of nature of valley Silt in the songs of akyna. Tanzharyk Zholdyuly, considered the classic of kazakh literature in China, brought in a large literary-theoretical contribution the works to the image of natural lyric poetry.

### References

- 1 Egeubayev O. *Bright star of the Kazakh literature in China. Proceedings of the international scientific-theoretical conference*, Almaty, 2003, p. 4.
- 2 Nurgali R. *Arkau*, 2, Almaty: Zhazushy, 1991, p. 481, 482.
- 3 Akhmetov O. *Ungoining out flame*, Kuitin: People's Publ. House Ile, 1994, p. 135.
- 4 Tutkabekuly Sh. *Scientific Journal Elias Pedagogical Institute*, 1988, 1, p. 27.

ӘОЖ 83 (574)

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*  
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)

## Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баяны» — халық даналығының айғағы

XV ғасырдың көрнекті энциклопедист-ғалымы, балгері, барлық дерттің емшісі Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының өмірі мен қызметі суреттелген. Оның барлық кеселдер мен ауруларды емдеудің арнайы халықтық тәсілдері баяндалған. «Шипагерлік баян» атты негізгі ғылыми еңбегі талданған. Ғалымның бұл трактатты жазғанда өз заманының медицина, астрономия, философия, тарих, психология, этнография, лингвистика ғылымдарының және тағы да басқа ғылымдардың озық жетістіктерін пайдаланғандығы туралы қорытынды жасалған.

*Кілт сөздер:* шипагер, мұра, зерттеу, өнеге-өсиеттер, уақыт, мүшел жас, шипагерлік ғылым, көшірілу.

### *Kipicne*

XV ғасырда жазылып, араға бес ғасыр салып, сағындырып жеткен, XX ғасырдың аяғында қолымызға тиген, бұрын-соңды қазақ тарихында болмаған ұлттық мәдениетіміздегі елеулі құбылыс, асыл кітап, қасиетті қазына, халық даналығының айғағы — Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баяны».

Кітаптың авторы — ғұлама, қарауызген шипагер, жаһангер, тарихшы, этнограф, философ, ақын, астроном, биолог, химик, психолог, географ, ұстаз. Ол 1397 ж. туып, 1492 ж. 95 жасында дүние салған. Автор өзі туралы [1; 14]:

– Атым — Өтейбойдақ, Тілеуқабылдың ұлымын. Ата-тегім — Ұлы жүз Зарман, Зарман ішінде Албан. Мекенім — Жетісу. Ауылымда құрбы-құрдас, таныс-білістерім аз емес. Жиренше шешен, Жәнібек ханның қарашасымын. Жылым — Иіртек (ұлу), сексен беске келдім. Бойым ұзын, қара торы, қоңқақ мұрынды, кең иықты, қап сақалды, ұзын қасты, кем сөзді жанмын, — деп жазған.

«Шипагерлік баянда» өсімдіктерден алынған 854 түрлі, жануарлардан алынған 455 түрлі шипалық қасиеті бар емдік дәрілердің тізімі, адам мүшелерінің 430-ға тарта атаулары, мыңнан аса дәрі және 4577 рецепт берілген [2].

Өзінде перзент болмағандықтан, Өтейбойдақ:

– Айырылып қалма, жан баласының көзіне түсірме, өзіңнен қуат кетіп бара жатса, жоюдың амалын тап. Тұтас жаттап ал, егер тапсырсаң, ұлыңа тапсыр, қызыңа тапсырма. Қатыныңа сеніп кетпе, сақ бол, — деп, қолжазбасын кіндіктес інісі Топайға тапсырады. Шипагердің өсиеті бойынша әр замандағы ұрпағы қолжазбаны көшіріп, көшірілген бетін өртеп отырған.

Содан бері Райымбектің, одан Шыбылдың, одан Қоңырбөріктің, одан Тама дейтін ұрпағының қолынан өтеді. «Шипагерлік баян» жазылғанынан екі жүз тоқсан үш жылдан кейін Айғайтас, Шалкөде дейтін жерде Бұршақ би 1766 ж. бесінші рет, одан бір жүз сексен алты жылдан соң 1952 ж. Іле аумағына Қарасты Текес ауданының Шиліөзек аулында Түменбай Ыстанбайұлы алтыншы рет көшіртіп (қазіргі қазақ тіліне жаңашалатып), 1991 ж. оның баласы Нұртай Түменбайұлы Алтай, Буыршын, Егізтөбеде 1968 ж. қызыл қорғаушылардың (мәдени төңкеріс) өртегенінен қалған нұсқасын жетінші рет аударады. Өкінішке орай, сөйтіп сан ғасыр аман сақталып келген асыл қазына Қытайдағы мәдениет төңкерісі атты лаңда өртке түседі. Жойқын қолжазбаның түпнұсқасының солай 1095 беті ғана қалады, арасындағы 3655 беті өртеніп жойылып кетеді.

Және өкініштісі, 1952 ж. алтыншы рет көшірілгенде, қазіргі қазақ тіліне көшіріп аударған кісі шығармадағы бәйіттерді аударуды қиынсынып көшірмеген. Соның салдарынан бағзы заманның байтақ өлең-жырлары бергі нұсқасына енбей, бізге жетпей қалған.

Егер «Шипагерлік баян» толық сақталып бұл заманға жеткенде, қазіргі нұсқасынан 7–8 есе көлемді болғандай екен.

Ұрпақтан ұрпаққа көшіріліп, алдыңғысы өліп, соңғысы ұрпақ жалғайтын адам баласының дәл өз өмірі сияқты біздің заманымызға жеткен ұлы тәбәрік қолдан қолға көшірілгендіктен, қолжазбаның өзгеріске ұшырағаны да сөзсіз [3].

«Шипагерлік баян» 1994 ж. араб әрпімен Үрімшіде (Қытай), 1996 ж. Алматыда «Жалын» баспасында қазақ тілінде басылып шықты. Қытай үкіметі «Шипагерлік баянның» құндылығын бағалап, «Мемлекеттік бірінші кітап» деген сыйлықпен марапаттады (1997). Қытайда Өтейбойдақтың мұрасын зерттеу үшін екі Мемлекеттік медициналық орталық құрылған.

2002 ж. Қазақстан халық емшілер қауымдастығы Өтейбойдақтың жерленген жеріне (Алматы облысы, Райымбек ауданы, Шалкөде жайлауындағы Айғайтас бөктері) арнайы құлпытас орнатты.

*Әз-Жәнібек — «Шипагерлік баянды» жазуға  
нұсқау берген қазақ ханы*

«Шипагерлік баянды» жазуға нұсқау берген Қазақ хандығының іргесін қалаған хандардың бірі — Әз-Жәнібек. Бұл жайт ғалымның өз қолымен жазылған. «Шипагерлік баян» атты ұлы еңбегінде молынан қамтылған.

Қазақ тарихында Жәнібек хан — Қазақ хандығының құрылу үрдісіне толық қатынасып, басшылық еткен тарихи тұлға. 1469 ж. дейін Қазақ хандығының халқы Әбілхайыр ханның қарсыластары есебінен өсе түседі. 1463 ж. Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан соң, көшпелі өзбектер мемлекетіне Сібірден — Ибақ хан, Алтын Ордадан — Ахмет хан, Ноғай ордасынан — Мұса мен Жаңбыршы билер, Хорезмнен — Береке сұлтан, ал Қазақ хандығынан Жәнібек хан қарсы шығады. 1470 ж. басында Шайх-Хайдар хан өлтірілген соң, көшпелі өзбектер мемлекеті толығымен күйреп, Дешті-Қыпшақтың басым бөлігінде Жәнібек хан басқарған қазақ хандығының билігі орнайды. Жәнібек хан XV ғасырдың 70-жж. ішінде қайтыс болған. Хан тұсында Қазақ хандығы жеке ел болды. Жәнібек ханның артында тоғыз ұлы қалды. Олар: Иренші, Махмұт, Қасым, Әдік, Жаныш, Қамбар, Таныш, Әсік және Жадық. Бұлардың ішінде Қасым мен Әдіктің ХҮ ғасырдың соңы — ХҮІ ғасырдың басында қазақ қоғамындағы ролі өте зор болды [4].

Ғұлама ғалым «Шипагерлік баянын» Жәнібек ханның Жарлығы бойынша шамамен 78 жасында (яғни, 1466–1467 жж.) бастап жазған. 1473–1474 жж. шамасында (85 жасында) алғашқы нұсқасын аяқтаған.

Өтейбойдақ бабамыз қуанышы қойнына сыймай Жәнібек ханның Ақордасына қарай аттанады. Ол Жәнібек ханға үлкен үміт артып барған еді. Сондағы мақсаты, өзінің қара басының атақ-абыройы емес, шипагерлік кітабы қазақ халқына таралып, жас жеткіншектерді мектеп ашып, осы өнерге баулып, халықтың ауру-сырқау бейнетін жеңілдетсем деп жазып қалдырған арманы еді. Осы аңсарлы оймен алып-ұшып жеткенде, хан ордасының жау қолымен ойрандалып, қырғынға ұшыраған жұртының үстінен түседі. Сол қырғында хан қаза болып, өз үміті де сөнеді. Босқындармен бірге Ақордадан қашып әрең құтылып, «Есің барда елің тап» дегендей, Жетісуына оралады.

Жәнібек хан өлген соң, ғалым кейінгі жылдардағы өмірін қолжазбаны өңдеумен өткізеді. Өзінің соңғы өмірі жөнінде ол: «...Тіссіз шопандай жасым қалды... Өткен іс өтті, өлер шақ таялды, мезгілсіз шағырған шақырауықтай дестір таңдай тұрлауы болып, осы жазылды. Бұл соңғылыққа үлгі болар. Олайы, білімнің тіккеуікпен құдима қазғандай қиын екеніне көзі осыны оқыған соң жетіп те қалар...

*Ой, дүние-ай!*

*Іске аспады арманым, қаран қалды,*

*Шың басына шығарда арандалды.*

*Өтейбойдақ қойыпты атымды әкем,*

*Жаман ат, жаман ырым мазамды алды.*

*Қалмады ұрпақ, Өтейбойдақ аяңдалды,*

*Мені өшірмес «Шипалық баян» қалды.*

Амал не? Жазу солай. Іс оңына үкім басар, зарланғанша түзейтінін түзеп, күзейтінін күзеп, жазғандарымды жөндей берейін», — деп жазады. Ғалым ойын жалғастырып: «Енді оны кіндіктес інім Топайға тапсырамын... Баяны Топайдан соңғылыққа жалғанбақ» [5; 430], — деп тұжырымдайды.

Менен ұрпақ қалмаса да, күндердің күнінде мені әлемге әйгілейтін «Шипагерлік баяным» артымда қалмақ. Бұл — соңғылар қадірін біліп, ұстана білсе, сөнбейтін шырақ, қанғысыз бұлақ, қадірін білмесе — отбасы аяқпен тозатын тулақ, — деп жазыпты сәуегей әулие.

*Ғұлама ғалымның еңбегінде шипагерлік  
ғылымның баяндалуы*

Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы өз туындысында негізінен шипагерлік ғылымды баяндайды. Ал өзге ғылыми тұжырымдар, ой-толғаныстар, мәліметтер сол шипагерлік баян негізінде мысал, тарих, аңыз, салт-сана ретінде айтылады.

Еңбекте тарихи аңыз-әңгімелер, өлең шумақтары, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер көптеп кездеседі.

Ғалым елдің қамын ойлап, бүкіл өмірін халқына қызмет етуге арнап, шипагерлікпен өткізген. Сөйтіп жүріп мыңдаған арудың емін тапқан.

Мысалы, шешек ел басына торғай қаққан тарыдай қырғын салған бір жылы күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айырылған шипагер тәжірибеден тәжірибе жасап жүріп, шешек суын (вакцина) табады: «Шешек тарап болғасын, шешектің іріңі табылмайды, сақтайын десең де ұзақ сақталмайды, ексең, өнбей қоймағы шарт, қатып қалмақ, шірімек. Соның үшін шешек таралып, алғаш шыққан баланың шешек іріңін алып, тананың шабынан терісін тіліп, қан шығарылмағы орындалым тапқасын шешек іріңі сол араға жағып қойылмақ, бір жұмадан кейін қарасақ тананың шабындағы шешек іріңін жаққан арасы жұдырықтай не одан үлкен, немесе кіші боп томпайып бұлтимақ» [1; 140].

Сол томпақты жарып, камсек қурай қуысымен бүйрек қабына құйып, күн тимейтін салқын жерге қойып, ағашты қаламдай үшкірлеп, шешек болған баланың білегіне жағып, жаққан жерді инемен сызып қойып отырады. Ағылшын дәрігері шешекке қарсы бұл вакцинаны 1796 ж., яғни Өтейбойдақтан 350 жыл кейін тапқан [3; 4].

Шипагер өз шығармасында сырқаттардың пайда болу себептерін ыстықтық пен суықтықтың алмасымдылық әсерінен болатынын жазып кеткен. Дүниедегі тіршіліктің негізі: нұр, су, топырақ, ауа сынды төрт заттан құралатынын, адамзат баласы осы төрт затқа тікелей тәуелді болатынын, әлем шексіз және мәңгілік екенін, дүние сан қайтара жаңаланып, түрін қанша өзгертсе де, оның тегі өзгермейтінін де топшылаған.

Халқымызда жеті атаға толмай құда-құдандалы болмау, қыз алыспау дәстүрі бар. Бұл туралы: «Ата-анасындағы сырқат мезет, мерзетке жұғып науқас боп туылмағы, баланың кіндігін кесіп, кірін

жуған кіндік шешелеріне жұқпағы, мұнымен ғана тынбай, ұрпақтан ұрпақ тұқым қуаламы қуылма себепкерлер делінбек. Мұны тұқым қуу, ұрық қуалау деп жұрт айтқалы қанша өткендігін кім білсін? Тек Алла ғана білмек. Міне, осындай қуылмалық себепкерлерден сақтаным таппақ үшін, әуелі нәпсіні тыймақ пен жат төселімнен тыйылмақ шарт. Енді бір жақтан, жеті атадан асқаннан кейінгі аталардан қыз алыспақ керек» [1; 148], — дейді ғұлама.

Әз-Жәнібектің қазаққа жеті атасына дейін қыз алуға тыйым салған Жарлығы осы Өтейбойдақтың ақылымен жарияланған.

«Шипагерлік баянда» адам мүшелерінің анықтауларының өзі қазақ тілінің ол заманда-ақ қаншама бай болғандығын дәлелдейді. Ғалым бір ғана қолдың (ұстамар) өзін былайша жіктейді: «Ұстамар тоқбас жілік, иық, талмау, топшы, шынтақ, қар, құлжілік, кәріжілік, білек, білезік, білезік буыны, иық буыны, шынтақ буыны, білезік қағар, оң тәбәрік, сол тәбәрік, қырда, білезік соғар, қиғы, тасқиғы, басбармақ, қымқыр, сырнақы, көбе, түп көбе, ет көбе, жымқыр, жұмқыр, өбе, ашарық, бүкті, аражиек, жұмба алақан, жалпақ алақан, қарынсау, басбалық ет, бедер, шынашақ, ортанқол, ортан, қортан, нұқыма, шұқыма, қанысқы, қара тырнақ, ақ тырнақ, қырнау, жұмқырлық илігім, көбе буын, түртек, түртпек тақылеттілерден қойындалғылық таппағы шарт» [1; 180].

Өтейбойдақ адам мүшесін сыртқы он екі, ішкі он екі деп, жиырма төрт мүшеге бөледі [1; 177]. Ол 24 мүшенің әрқайсысын жіліктеп, жіктегенде соншама атауының бар екеніне көзіміз жетеді. Соған қарап байырғы қазақ тілінің қаншалықты бай екеніне қайран қалуға болады.

Ғалым шипагерлік туралы ойын былай түйіндейді: «Шипагерлік те өнердің бір түрі. Шипагер — өнерпаз екені айқын ұғыныс. Шипагерлік алды су ішкілігі болса, ажал аузынан алып қалу; арты науқасты сырқаттық бейнеттен айықтыру борышын өтемек» [1; 80].

Ал шипагердің өзін ол: теңдессіз шипагер, нағыз шипагер, қарауызген шипагер, шипагер, емші, емкөс, жарғышы, қараемші, қаншы, тамыршы, сынықшы, оташы, іш сипағыш, көзқарақшы, ішірткіші, бақсы, жаурыншы, бәлгер, құмалақшы, болжағыш, аяншы, құшнаш, әулие, әнбие деп бөлген.

#### *«Шипагерлік баяндағы» өнеге-өсиеттер*

«Шипагерлік баянда» жетіге тиіспеу, қырық бірге жұғыспау, он екіден айырылмау дейтін өнеге-өсиеттер бар. Мұнысы адам баласы орындауға тиісті шарт-заң тәрізді.

Сонау өткен уақыттардан бері қазақ ұлтының санасында сандардың қасиеті мен қадірі жайлы әр түрлі пікір-ырым айту салты қалыптасқан. Солардың бірі 7 санына байланысты.

Қазақ халқы «жеті» санын киелі және қасиетті санаған. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерінде де «жеті» саны жиі кездеседі. Бұл да тегін емес. Қазақ халқының қасиетті жетілерін атап өтетін болсақ, олар: «Жеті ғашық», «Жеті жетекші», «Жеті шәріп», «Жеті ғалам», «Жеті ата», «Жеті қат көк», «Жеті амал», «Жеті күн», «Жетіжұт», «Жеті жок», «Жеті жетім», «Жеті қазына» және т.б. Атам қазақ қадір тұтқан киелі «жеті қазына» ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға мұра болып, біздің дәуірге жетті. Қазанын қадірлеген, әйелін әменгерлікке берсе де жау қолына бермеген, мылтығын берен деп төріне ілген, түз далада тазысын жүгіртіп, бүркітін ұшырып аңшылық саят құрған, қаншалықты қиын заманды басынан кешсе де, осы «жеті қазынаны» осы заманға жеткізіп, ұрпағына мұра етті.

Қасиетті жеті санының бабаларымыз пайымдаған үлгілерін ескере отырып, Өтейбойдақ өз шығармасында «Жетіге тиіспеу» керек деген ұсыныс жасаған [1; 113]:

- 1) Көктемде көктеп келе жатқан өскінге тиіспеу.
- 2) Көктемде көбеймелі жорғаламаларға тиіспеу.
- 3) Көктемде көрінген қорғалағыштарға тиіспеу.
- 4) Көктемде көз ашпаған шикілікке тиіспеу.
- 5) Қай-қашан да қонжатқа тиіспеу.
- 6) Қай-қашан да көршіге тиіспеу.
- 7) Қай-қашан да елшіге тиіспеу.

Бүгінде жеке адам ғана емес, әр халықтың да сандар туралы өз түсінігі, көзқарасы қалыптасқан. Мысалы, қазақ халқы үш пен жетіні киелі санаса, 9 санынан сақтанған, әрі тепе-теңдік белгісі ретінде қараған. Ежелде шығыстық славяндардың 9 санынан қатты қорыққаны, теңізшілердің тоғызыншы толқыннан қауіптенгені тарихтан белгілі.

Өтейбойдақ 41 санын — қауіпті сан деп есептеген. Сондықтан да ғалым «Қырық бірге жұғыспау (жоламау)» деген қорытынды жасаған [1; 113]:

- 1) Ордалы сумаңға жұғыспау.
- 2) Қордалы қынамаға жұғыспау.
- 3) Жалғыз ағашқа жұғыспау.
- 4) Иендегі жалғызға жұғыспау.
- 5) Суық торғайға жұғыспау.
- 6) Алдан өткен абаданға жұғыспау.
- 7) Елден кеткен забажанға жұғыспау.
- 8) Пәлелі өртке жұғыспау.
- 9) Шығулы бетке жұғыспау.
- 10) Жаралы жыртқышқа жұғыспау.
- 11) Қаралы елге жұғыспау.
- 12) Ашынған долыға жұғыспау.
- 13) Ашыққан ұрыға жұғыспау.
- 14) Даралы жерге жұғыспау.
- 15) Дастарханға жұғыспау.
- 16) Жетімге жұғыспау.
- 17) Жесірге жұғыспау.
- 18) Кесірге жұғыспау.
- 19) Еңіреген ерге жұғыспау.
- 20) Өзің шығар төрге жұғыспау.
- 21) Арқаны сылыр ерге жұғыспау.
- 22) Жатқа кетер қызға жұғыспау.
- 23) Көктемдегі мұзға жұғыспау.
- 24) Өте шығар сызға жұғыспау.
- 25) Асып қалған асқа жұғыспау.
- 26) Жарасы бар басқа жұғыспау.
- 27) Парақұмар ыласқа жұғыспау.
- 28) Басқа елдік қарашаға жұғыспау.
- 29) Балатқалы иге жұғыспау.
- 30) Төбелесте арашаға жұғыспау.
- 31) Тікені бар аласаға жұғыспау.
- 32) Құламағы күзға жұғыспау.
- 33) Дәм атасы тұзға жұғыспау.
- 34) Иесіз жатқан малға жұғыспау.
- 35) Киесі бар далға жұғыспау.
- 36) Обалы бар торшыға жұғыспау.
- 37) Залалсыз қоршыға жұғыспау.
- 38) Түтін ұшар шаңыраққа жұғыспау.
- 39) Ырыс келер босағаға жұғыспау.
- 40) Даладағы өлгенге жұғыспау.
- 41) Шыдап жерге көмгенге жұғыспау.

Бұл жұғыспаулар соқтықпау, жәбірлемеу, ойрандамау, қырмау, аялау, абайлау, сақтану, қорғау секілді сегізге жіктеледі.

Қазақтың лиро-эпос жырларында 12 санын жиі кездестіруге болады:

*Орай да орай оқ атқан*

*Он екі тұтам жай тартқан!*

(«Қобыланды батыр»).

*Он екі айдың жартысы жаз болады,*

*Жаз белгісі үйрек пен қаз болады.*

(«Қозы Көрпеш – Баян сұлу»).

*Үлкендігі басының*

*Он екі қарыс қазандай.*

(«Қамбар батыр»)

деген сөз тіркестері 12 санын ерекше қасиет тұтудың белгісі.

12 саны қазақ халқының ертегілерінде, өлеңдерінде, жұмбақтарында да жиі кездеседі. Мысалы:

*Біз, біз, біз едік  
Біз он екі қыз едік.  
Тап боп отқа шоқ болдық,  
Таң атарда жоқ болдық.*

Бұрынғы қариялар мектепке баратын балаларға тілек-бата айтатын: «Хатты тез танып, кітапты көп оқып, Лұқпандай хакім, Атымтайдай жомарт, 12 ғалымның тілін білсін» деп.

Қазақта Ораза айын 12 айдың сұлтаны дейді. Өйткені осы айда дау-дамайdan, ұрыс-керістен, ұрлық-қарлықтан арылып, тек денсаулықты, тазалықты, жақсы мінезді қалыптастыру керек.

Жылқы малын сойғанда, соғым етін 12 жілікке бөлуі, киіз үйдің де 12 қанатқа дейін болуы санның қасиеттілігінен болар [5; 3]. Осы жағдайды ескерген Өтейбойдақ өз туындысында «Он екіден айырылмау» [1; 114, 115] керек деп, 12 санының ерекше құрмет тұтылуы туралы былай деген:

1. Жағаласпай жан қалмақ кайда?  
Жарғыласта жаныңнан айрылма.
2. Не шындық? Не сұмдық? Жау тимек —  
Ақылыңнан айырылма.
3. Еркесіз ел, серкесіз шел болмас —  
Ел бастаушы көсеміңнен айырылма.
4. Тіл — кесілмес атқан оқ. Дау туылар —  
Шешеніңнен айырылма.
5. Өзінді зор, басқаны жөр деме.  
Көппен көрерсің —  
Еліңнен айырылма.
6. Кебенек іші мың арып, мың семігерлік —  
Жаныңды алса да, сырыңнан айырылма.
7. Жаман деп қатыныңнан,  
Көшем деп алып қойған отыныңнан айырылма.
8. Ризықсыз пенде болмас —  
Даяр асың малыңнан айырылма.
9. Ағайын, туыс. Дос-жарансыз кім бар? —  
Болмашыға өкпелеп, досыңнан айырылма.
10. Қырық найза қарғы деп —  
Қарақудай баспанаң қосыңнан айырылма.
11. Пенде қадыр санаты бес қаруды тастама —  
Шыбын жаның шыққанша намысыңнан айырылма.
12. Өте шығар сұм жалған, бокшылыққа қайрылма. Адам күні адаммен ысылмақ, өнер қайқырда.  
Өнерпаз деген ат алсаң — өлсеңдағы қайғырма.

Әрбір пендеге пайдалы іс істе, пайдасызға жолама, басыңа күн туғанда он екіден айырылма деп ақыл айтады.

Бабамыздың біздерге қалдырған осы 12 өсиетін ұғып, көңілімізге түйіп алайық.

*«Шипагерлік баяндағы» сол кездегі қазақтың  
апта, ай, жыл атаулары*

Халық уақытты анықтауда өзіндік бай тәжірибе жинақтап, оны қолдаудың сәті мен жолдарын және соған лайықты сөз өрнектерін де таба білді. Жылды, тоқсанды, айды, аптаны, тәулікті бөлудің шаруашылыққа сай реті мен ыңғайын да орайластыра келтіре білді. Ал мерзім, мезгіл өлшемдеріне келгенде халық өлшемі мен атауы да бай. Ұлттық ұғымда мерзім уақыттың, мезгілдің шамасы мен ұзақтығын білдіреді (Мысалы: *бие сауым, күн, ай, тоқсан*) [6].

Уақыт ғасырмен, жылмен, аймен және аптамен өлшенеді. Апта — «жеті» деген сөзді білдіреді.

Өтейбойдақ өз еңбегінде сол кездегі қазақтың апта, ай, жыл атауларына ерекше назар аударған. Ғалым аптадағы күндерге жеке-жеке ат берген [1; 165]:

- Бақтал — сенбі.
- Баттал — жексенбі.
- Сақтал — дүйсенбі.
- Қақтал — сейсенбі.

Аттал — сәрсенбі.  
Ғаттал — бейсенбі.  
Мереке — жұма.

Аптадағы жеті күннің бесеуінің аты «сенбі» сөзінің алдына парсының 1, 2, 3, 4, 5 сияқты реттік сан есімдерін қою арқылы жасалған. Олар мыналар:

1. Жексенбі — бірінші сенбі.
2. Дүйсенбі — екінші сенбі.
3. Сейсенбі — үшінші сенбі.
4. Сәрсенбі — төртінші сенбі.
5. Бейсенбі — бесінші сенбі.

Күн санауды халқымыз былай атаған:

1. Бүгін.
2. Ертең.
3. Бүрсігүні.
4. Арғы күні.
5. Қасиетті күн.
6. Соңғы күн.
7. Азына

Түнеукүні — бірнеше күн бұрын.

«Құдайдың күнінің бәрі сәтті» дейтін қазақ халқының мынадай ырымдары болған:

1. Сейсенбі күні үлкен іске кіріспейді, мал сойылмайды, жаңа мекенге көшпейді, алыс жолға шықпайды.
2. Сәрсенбі — сәтті күн. Үлкен іске кірісуге, алыс жолға шығуға болады.
3. Жұма — қасиетті күн. Бұл күні үлкендер Құраннан дұғалар оқиды, мешітке барады. Ет көп болсын деген ниетпен халқымыз қысқы соғымдарын сойған.

Халқымыз жылды он екі айға бөледі де оны ай санау деп атайды. Бұл ерте заманнан қалыптасқан дәстүр. Түркі халықтары жылды тағы да төрт маусымға (яғни тоқсанға) бөледі. Әр айдың атаулары немесе оны тоқсанға, яғни әр маусымға, бөлуде табиғат құбылыстары, ауа райы ескерілген. Сондай-ақ оның шаруашылық жағынан үлкен мән-маңызы бар. Бұл жағынан халқымыз үлкен шеберлік пен білгірлік танытқанын да айта кету керек.

«Шипагерлік баянда» ай атаулары келесідей [1; 166]:

Ергеу — наурыз.  
Көктеу — көкек.  
Мезгеу — мамыр.  
Көзгеу — маусым.  
Шілтеу — шілде.  
Тамызық — тамыз.  
Дәндеу — мизам.  
Соқтау — қазан.  
Күйек — караша.  
Қауыс — ықтырғы.  
Ығыс — желтоқсан.  
Қаңтар — қаңтар.

Шығыс елінде жыл басы наурыздан басталады.

Ежелгі астрономиялық есепте әр айға сәйкес келетін жұлдыз аттары да бар. Мұны жұлдыз ай деп атайды. Кейбір елдерде, сол сияқты Қазақстанның кей аймақтарында қазіргі азаматтық айларды жұлдыз ай атымен де атай береді:

ЖҮЛДЫЗ АЙЛАР (немесе күн жолындағы шокжұлдыздар)				
Р/с №	Қазақ тілінде	Көне түркі тілінде	Арабша	Орысша
1	Токты	Қозы	Хамал	Овец
2	Торпақ	Үді	Сәуір	Телец
3	Егіздер	Ерентүз	Зауза	Близнецы
4	Шаян	Құшық	Саратан	Рак
5	Бикеш	Бидай басы	Сүмбіле	Дева
6	Арыстан	Арыстан	Әсет	Лев
7	Таразы	Өлкі	Мизам	Весы
8	Бүйі	Шаян	Ақырап	Скорпион
9	Мерген	Сұрмерген	Қауыс	Стрелец
10	Ешкімүйіз	Ұғылақ	Жәді	Козерог
11	Сукұйғыш	Көкек	Дәлу	Водолей
12	Балықтар	Балық	Хұт	Рыбы

Жаздың ең ыстық уақытын жазғы шілде дейді. Ол — 26 маусым мен 5 тамыз аралығы.

Қыстың ең суық уақытын қысқы шілде дейді. Ол — 27 желтоқсан мен 6 ақпан аралығы.

Халық жыл санау дәстүрін он екі жылдан қайырып отырады да оған жыл басын — тышқан, соңын доңыз деп атайды. Жыл аттарына сәйкес аңыздар да шығарған. Жыл қайыру жылды есептеуге де, сол сияқты адам жасын анықтауға да өте ыңғайлы.

Сондықтан Өтейбойдақ жыл атауларына көңіл бөлген [1; 166]:

Сумақы — тышқан.

Маңғаз — сиыр.

Айбар — барыс.

Секем — қоян.

Сумаң — жылан.

Тұлпар — жылқы.

Иіртеқ — ұлу.

Шопан — қой.

Мешін — мешін.

Айтақ — ит.

Шақырауық — тауық.

Қорысқы — доңыз.

Қазақша жыл санау мен жыл қайыру кестесі мынадай:

Тышқан	1924	1936	1948	1960	1972	1984	1996	2008	2020	2032
Сиыр	1925	1937	1949	1961	1973	1985	1997	2009	2021	2033
Барыс	1926	1938	1950	1962	1974	1986	1998	2010	2022	2034
Қоян	1927	1939	1951	1963	1975	1987	1999	2011	2023	2035
Ұлу	1928	1940	1952	1964	1976	1988	2000	2012	2024	2036
Жылан	1929	1941	1953	1965	1977	1989	2001	2013	2025	2037
Жылқы	1930	1942	1954	1966	1978	1990	2002	2014	2026	2038
Қой	1931	1943	1955	1967	1979	1991	2003	2015	2027	2039
Мешін	1932	1944	1956	1968	1980	1992	2004	2016	2028	2040
Тауық	1933	1945	1957	1969	1981	1993	2005	2017	2029	2041
Ит	1934	1946	1958	1970	1982	1994	2006	2018	2030	2042
Доңыз	1935	1947	1959	1971	1983	1995	2007	2019	2031	2043

*Ескерту.* Жыл басы наурыз айының 22-нен басталады.

Өзінің қай жылы туғанын қазақша атау бойынша білгісі келгендер туған жылын он екіге бөлуі керек. Қалдықсыз бөлінсе, ол мешін жылы болғаны, қалдық біреу болса — оның тауық, екеу болса — ит, үшеу болса — доңыз, төртеу болса — тышқан жылы болғаны. Сөйтіп кете береді.

*Хижра жылын* есептеу. Біздің заманымыздың 622 ж. арабша бірінші жыл болып есептеледі. Бұл жыл, яғни 622 ж. шілденің 16 жұлдызына қараған түні Мұхамбет (Мұхаммед) пайғамбар

Меккеден Мәдина қаласына көшті. Хижра күнтізбесі осы күннен басталады. Хижра (хижрат) — араб сөзі, туған жерінен көшу, елінен ауу деген мағынаны білдіреді.

*Мүшел жас турасында Өтейбойдақ  
Тілеуқабылұлының пікірі*

Адам баласының ғұмыры негізінен 100 жас арқылы есептеледі. Осыған орай қазақ адамның жастық кезеңін, егде тартқан шағын түрліше атаған. Ол мүшел жаспен де байланысты болған.

Өтейбойдақ мүшелік жыл санау есебі бойынша адамның дәуірінде мынандай мүшел болады деп есептейді: «Өнегелік тектелігі мүшелдік он екі жыл мүшеленденімділігі пенде жасына қарай 13 жастық асыңқы мүшел, 25 жас, 37, 49, 61, 73, 85, 97, 109 жас басыңқы мүшелдер делінбек.

Адам пендесінің ризық теруіне сай, несіптік ризықтың қуаттылығына сай, өзек мүшел 25 жас, 37, 49, 61, 73 жас бес мүшел аталатындығы шарт.

Еркелік мүшел жас 13 жас, 85, 97, 109 жас төрт мүшел тектелігі болымы жарак. Жинамалық пенделік тоғыз тектелігі мүшел жастық бар. Өзек мүшел делінбегінің себебі, адам пендесінің әр күні күнәға батпағы шарт етілгілік болымы. Күнәға батса да жартым-жарты емес, толымдылық батулығынан болмақ. Олайы қару-қайрат мол, ақыл-аяла толысқан қандай харакетке де жеткіліктік етерлігі барлығынан.

13 жас, 85, 97, 109 жас еркелік мүшелдік тектелімі күнәға батарлық ой жоқтығы, ойы болса да күнәға батарлық харакетінің жоқтығы. «Қартайшақ бір балалық, туылғы нақ балалық», — деулік шарифатта күнәға батпайтындығын көрсетімдік дәлелімдік. Соның үшін сәбилік мүшел де делінбек. Қартайғанда не күнә болмақ? Ақылынан танса, аузынан шалса, баладан күні төмендігі аяндық қой.

61 жас, 73 жас мүшел жартым күнәға батымдық мүшелді тектелгі делінбек.

13 жастық мүшелден басқа мүшелдік пенделік жас аралығы ылғи 12 жылмен толымдалғы жалғасымдалық» [1; 172].

Ел аузында мүшелдердің әрқайсысы бірнеше шаққа бөлініп аталады.

Айталық, балалық мүшел — нәресте шақ (2 жасқа дейін), сәби шақ (7 жасқа дейін), бөбек шақ (8–9), жеткіншек шақ (10–12), жасөспірім шақ (13–15), ересек шақ (15–16) деп алты шаққа бөлінеді. Сондай-ақ жігіттік мүшелде бозбалалық шақ, албырт шақ, ағалық шақ, кісілік шақ деген 4 шақ бар. 49 бен 61 жастың аралығындағы ер ағасы болған шақ, ел ағасы болған шақ, отағасы, қосағасы, атасақал аузына біткен шақ деп тағы бірнешеге бөлінеді. Сондай-ақ адамның мөлшерінің әр түрлі атауы қалыптасқан. Олар мыналар: бала — 14–15 жасқа дейін, жеткіншек — 15–18 жас арасы, жігіт — 20–37 жас арасы, ағай, аға — 38–55 жас арасы, ал 55–65 жас арасында *-а, -е, -еке* жұрнақтарын қосып құрметтеп атайды. 60–70 жас арасында ақсақал, үлкен кісі деген тәрізді қосымша сөздер тіркеледі, 70 жастан арғы адамдарға ата, әке, жәке, қария, қарт деген сөздер қосып айтылады.

Міне, мұның бәрі адамның жас ерекшелігін ажырату, әрі үлкендерге деген құрметтің, ілтипаттың белгісін танытады.

*Қорытынды*

Жоғарыда келтірілген мысалдар «Шипагерлік баянның» бүгінгі заманның дәрігерлері үшін және де қазақ тілін, тарихын, мәдениетін, әдебиетін, этнографиясын, астрономияны, биологияны зерттеушілер үшін теңдесі жоқ асыл қазына екендігін дәлелдейді.

Сондықтан да ғұлама ғалымның еңбегіне алғаш өз пікірін білдірген қытайлық зерттеуші-ғалым Төлеуқан Ыбырайұлы: «Ұлтымыз тарихында сирек кездесетін, медициналық еңбек әрі ғылымнама тек шипагерлік жағынан ғана емес, ол халқымыздың тіл, мәдениет, тарих, философия, психология, астрономия, этнография, жұлдызнама, әскери ғылым, этика, эстетика, тағы басқа жақтардан да қыруар білім, мәдениет береді. Өнер-білім тарихы ел тарихынан айырылмайды. Ұлтымыз тарихында сирек кездесетін ғылымнама «Шипагерлік баян» — дәуірінің жемісі», — деп әділ бағасын берді. Бұл еңбекке одан кейінгі мезгілде де пікір жазған көптеген ғалымдарымыздың ойларының түйіні: «Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» кітабы — Шығыс медицинасының үлгісімен жазылған, бірнеше ғылымдардың басын біріктіретін, адам баласының ең басты байлығы — денсаулықты сақтап, сырқаттарды емдеудің негізін қалаған терең де тарихи ғылымнама» дегенге саяды [7].

Сонымен, аңызға айналған, қалың қазақтың көңілін күпті қылған тарихи ғылымнама, ұлы шығарма «Шипагерлік баян» жайында ықшамдап айтарымыз осы.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Тілеуқабылұлы Ө.* Шипагерлік баян / Араб қарпінен көшіргендер К. Елемес, Д. Мәсімхан. — Алматы: Жалын, 1996. — 464 б.
- 2 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. 7-т. / Бас ред. Б. Аяған. — Алматы: Қазақстан энцикл. Бас ред., 2005. — 277-б.
- 3 *Жолдасбеков М.* Сөнбейтін шырақ, қанбайтын бұлақ // Егемен Қазақстан. — 2000. — 17 наур. — 4-б.
- 4 Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық. — 2-кіт. — Алматы: Өнер, 2013. — 27-б.
- 5 *Байнатов Ж.* «Қасиетті» сандардың құпиясы // Ана тілі. — 2014. — № 4 (1210). — 30 қаңт.-5 ақп. — 27-б.
- 6 *Кенжеахметұлы С.* Жеті қазына. — Алматы: Ана тілі, 2000. — 49-б.
- 7 *Мұсаұлы А.* Асыл дәстүрдің негізі // Қазақ әдебиеті. — 2011. — № 16 (3232). — 22 сәуір. — 4-б.

Р.С.Каренов

**«Трактат об излечении от болезней» Отейбойдака Тлеукабылұлы —  
достояние народной мудрости**

В статье описаны жизнь и деятельность выдающегося ученого-энциклопедиста XV столетия, знахаря, излечителя от всех болезней Отейбойдака Тлеукабылұлы. Автором проанализирован его главный научный труд — «Трактат об излечении от болезней», в котором излагаются его оригинальные народные методы излечения от недугов и болезней. Сделан вывод о том, что ученый при написании своего Трактата использовал научные достижения своего времени в области медицины, астрономии, философии, истории, психологии, этнографии, лингвистики и других наук.

R.S.Karenov

**«A treatise on the healing of diseases» Oteyboydak Tleukabyly —  
property of folk wisdom**

It's described the life and work of an outstanding scientist — encyclopedist of the XV century, medicine man, healer all diseases Oteyboydak Tleukabyly. It's analysis of main scientific work — «A Treatise on the healing of diseases», which outlines its original public methods of ailments and diseases. In conclusion is that a scientist when writing his treatise used scientific achievements of his time in the medical field of astronomy, philosophy, history, psychology, ethnography, linguistics and other sciences.

References

- 1 Tleukabyly O. *Treatise on the healing of disease*, Trans. from the Arabic alphabet K. Elemessov, D. Masimkhan., Almaty: Zhalyn, 1996, 464 p.
- 2 *Kazakhstan: National Encyclopedia*, 7, edit. in chief B. Ayagan, Almaty: Editorship «Kazakh encyclopedia», 2005, p. 277.
- 3 Zholdasbekov M. *Egemen Kazakhstan*, 2000, March, 17, p. 4.
- 4 Historical figures of the Kazakh people: Quick Reference. 2 the book, Almaty: Oner, 2013, p. 27.
- 5 Baynатов Zh. *Ana tili*, 4 (1210), 2014, January, 30, February, 5, p. 3.
- 6 Kenzheahmetuly S. *Seven treasures*, Almaty: Ana tili, 2000, p. 49.
- 7 Musaully A. *Kazakh literature*, 16 (3232), 2011, April, 22, p. 4.